

Мемлекеттік қызметкерді даярлау – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты факторларының біріне айналды. Мемлекет тұрақты дамып, қоғамдағы өзекті мәселелер уақытылы шешілуі үшін кәсіби, білікті және жауапкершілігі жоғары, заманауи дағдыларды игерген мемлекеттік және жергілікті басқару мамандары қажет.

Мемлекеттік және жергілікті басқару – қоғам мен мемлекеттің даму бағытын айқындайтын стратегиялық сала. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, әлеуметтік бағдарламаларды тиімді іске асыру, аймақтардың дамуы, инфрақұрылымның жақсаруы, халықтың әл-ауқатын арттыру жұмыстары кәсіби басқару кадрларына тікелей байланысты. Заман талабына сай білім алған мамандар ғана басқару жүйесіне жаңа өдістер мен инновациялық шешімдерді енгізе алады. Мемлекеттік және жергілікті басқару саласында сапалы мамандар даярлау бағытында Yessenov University-де айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Цифрландыру және мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшуі басқару саласындағы мамандарға жаңа талаптар қояды. Ақпараттық технологияларды меңгеру, деректерді талдау, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету – қазіргі мемлекеттік қызметшінің негізгі құзыреттерінің бірі. Бұл талаптарға сай болу бағытында университет тарапынан білім беру бағдарламаларының мазмұндары жаңартылып және заманауи оқыту әдістерін енгізуде. Сонымен қатар жергілікті басқару мамандары тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдылармен, коммуникациялық қабілеттермен және стратегиялық ойлау қабілетімен қарулануы тиіс. Бұл бағытта университет жергілікті басқару органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының студенттері Маңғыстау облыстық әкімшілігінде, қала, аудан әкімшіліктерінде, кірістер департаментінде және т.б. мемлекеттік мекемелерде өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр. Мысалы: Мирас Бірлік, тәжірибе жетекшісі – Г.Асен, Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының кірістерді болжау бөлімінің басшысы; Нұрасыл Даниярбек, тәжірибе жетекшісі – С.Гиният, Маңғыстау облысы әкімі аппаратының әлеуметтік экономикалық даму және талдау бөлімінің бас инспекторы; Қаржаубай Еркебұлан, тәжірибе жетекшісі – А.Нұров, Маңғыстау облысы әкімі аппаратының өңірлік саясат және ұйымдастыру бөлімінің бас инспекторы; Қарақат Кеңес, тәжірибе жетекшісі – А.Сарбалина, Маңғыстау облысының су ресурстары және ирригация басқармасының экономикалық дамуы және қаржыландыру бөлімінің басшысы; Асыл Көшербай, тәжірибе жетекшісі – И.Серікбаев, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасының кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы; Дәулеткерей Сағындықов, тәжірибе жетекшісі – А.Исенғалиев, Маңғыстау облысы әкімі аппаратының бірінші заң қызметінің бас маманы; Зере Жетпісбаева, тәжірибе жетекшісі – «Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ бөлім басшысы О.Амалбаев, студенттер Арайлым Айыпқанова, Дина Қазығұл, тәжірибе жетекшілері – ҚР Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кірістер комитеті, Ақтау қалалық департаментінің маманы А.Жаумытбаева.

Осы арада, болашақ жергілікті басқару мамандарын сапалы, заманауи құзыреттіліктер мен дағдыларды игерген, кәсіби мамандар даярлауда Маңғыстау облыстық әкімшілігінің үлкен қолдауын айта кеткен жөн. Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандарын даярлау – елдің тұрақты дамуының, әлеуметтік әділеттілік пен адалдықтың және тиімді мемлекеттік саясаттың келісі. Білікті, жауапты және заманауи талаптарға сай мамандарды қалыптастыру бүгінгі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі.

Г.ЖОЛДАСБАЕВА,
Yessenov University, менеджмент кафедрасының профессоры.



Қазақстан табиғатының өлшеусіз байлығын игере отырып, қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау – республикамыздағы ең күрделі мәселелердің бірі.

ҚЫЗЫЛСАЙДАҒЫ қорғау жұмыстары қарқынды

Бізді қоршаған орта – жан-жануарлар мен өсімдіктер адам қорғауына зәру. Тарихының тамыры тереңге тартқан Маңғыстау жері талайларды тамсандырған. Маңғыстау өңірінің мыңдаған жылдармен өлшенетін тарихы, сан алуан табиғат жаратылыстары мен жануарлары бар. Қазіргі кезеңде Маңғыстаудың қай түкпірінен болса да бауырымен жорғалаушылардың, сүтқоректілердің, аңдар мен құстардың шөл далаға төн түрлерін кездестіруге болады. Олардың ішінде «Қызыл кітапқа» енген жойылу қаупі бар аң-құстар да бар. «Қызылсай өңірлік табиғи паркі» КММ қызметкерлері осы аң-құстарды қорғап, өсімін молайту мақсатында жұмыс істеп келеді. Соның ішінде ерекше қорғауға алынған «Қызыл кітапқа» енген аңдар – үстірт арқары, қарақұйрық, сабаншы, шұбар күзен, шағыл мысығы т.б. Табиғатты қорғауда мекеме қызметкерлерінің жасап жатқан жұмыстары орасан зор. Негізінен мекеме инспекторлары ауысымдық жағдаймен жұмыс жасап, аң-құстарды қадағалап қарайды. Сонымен қатар мекеме басшылары, қаумал басшылары құзырлы органдармен бірлесіп заң бұзушылыққа қарсы рейдтік іс-шара жүргізіп тұрады. Заң талаптары да жыл санап жетіліп, күшейтіліп келе жатыр. Бірақ сол заңға бағынғысы келмейтін қаскөйлердің бары да рас. 2025 жылы ерекше қорғалатын аумақтарға 393, соның ішінде 49 құзырлы органдармен бірлескен рейдтік-бақылау жүргізіліп, нәтижесінде ұсталған заң бұзушылықтарды хаттама толтырып, құзырлы органдарға тапсырды.

Дүниедегі әрбір тіршілік иесі хайуан немесе өсімдік өзінше қайталанбас бір өлем, өзінше тамаша сұлу тұлға. Еліміздің Конституциясында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деп жазылған. Яғни өлемде қандай тіршілік иесі бар, солардың бәрі сол табиғи бостандыққа, сол алуан түрлілігімен сақталуы тиіс. Қандай жұмыс атқарсақ та қоршаған ортаға абайлап қарап, оны қорғауға күш салу – басты бағытымыз.

Н.ҚҰЛЖАНОВА,
«Қызылсай өңірлік табиғи паркі» КММ-ның аға ғылыми қызметкері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«СИТИК-Водная экология (Ақтау)» ЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды: «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары». Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 450070240 с.е. 510250490 ш.б. Қоғамдық тыңдаулар: **2026 жылғы 20 наурыз сағат 14:30-де, өтеді.** Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, «Таушық ауылы әкім аппараты» ММ (акт залында) өтеді. Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/863300794733?р>

[wd=wS2h02vYbo4MGzVayCxaXYHsk3av.1](https://www.ndbecology.gov.kz)
Конференция идентификаторы: 863 0079 4733.
Кіру коды: tbVS3K.
Тұтынушы: «СИТИК-Водная экология (Ақтау)» ЖШС (БСН: 170940027255), +7 (701)-506-72-71, marissenov_m@mail.ru.
Жобаны өзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтау қ. 17-шағын аудан, 20-үй, 21-ғимарат, тел.: 87014848005. БСН: 100740003476.
Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: eco_rk@mail.ru, 87014848005
Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

«CASPIAN ECO SERVICE» ЖШС ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ

Жобаның атауы:	– Қарақия ауданындағы «Caspian Eco Service» ЖШС қалдықтарды басқару кешенін жаңғырту жұмыс жобасы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Түзету. – Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:	2025 жылғы 2 қазан сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, мәдениет үйінің ғимаратында өтеді. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43.535035, 52.385340.
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері:	«CASPIAN ECO SERVICE» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ 6, 4-2-ғимараты. БСН: 100140015696. Эколог – Гүлдана Бақытжанова, тел.: + 7 705 7844360.
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері:	Жобаны өзірлеуші: ПКФ «NEW PROJECTS» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 13-ш/а, 39-үй, 34-пәтер.
Онлайн қосылуға сілтеме:	https://us04web.zoom.us/j/1937002909?pwd=ozmHbvB4hNbvJAFhDMj77gp674SvqW.1 Конференция идентификаторы: 719 3700 2909. Кіру коды: 9SvaQf.
Жобалық құжаттама орналасқан жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы:	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері:	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz , тел.: 8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897

«Бозашы мұнай» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізеді

Жобаның атауы:	1) «Шығыс Қаратұрын кен орнының №4 Жұмыс жобасын жаңғырту», «Теңіз Қаратұрын, Шығыс Қаратұрын кен орындарын жайластыру». «Бозашы мұнай» ЖШС келісім шарттық аумақтарында мұнай жинау және тасымалдау жүйесі 2) ҚР Маңғыстау облысының Оңтүстік Қаратұрын кен орны ұңғымаларын жайластыру, газ жинау және тасымалдау жүйесі 3) Қаратұрын кен орнында мұнай тапсыру пунктін (МТП) құрылысы 4) 2026–2031 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары
Қоғамдық тыңдаулар өтетін күні, уақыты және орны:	2026 жылғы 18 наурызда сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Шебір ауылы, мәдениет үйі ғимаратында өтеді. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СШ 45022'50.3778" 52007'17.57094".
Атауы және байланыс Тапсырыс берушінің деректері:	«Бозашы мұнай» ЖШС, Ақтау қ., 13 ш/а, 32 «в» ғимарат, тел.: 8 (7292) 290-211; БСН: 0931240001487, эл. пошта: toqizbaeva_ernaz@mail.ru , Эколог: О.Тоғызбаева, телефон: 8 702 938 0080.
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері:	«KJS Project & Consulting» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29 «а» ш/а, 54-ғимарат, тел.: +7 (7292) 55 00 53, эл.пошта: kjs_project@inbox.ru «BM Engineering», Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, индекс: 130000, 28-ш/а, 49-үй, 56-кеңсе, БИН: 050 840 006 859.
Онлайн қосылуға сілтеме:	https://us04web.zoom.us/j/76130621641?pwd=RqNSbhuXFIXCMmE6G6KCbE1eto87Z.1 Конференция идентификаторы: 761 3062 1641. Кіру коды: Dqy0zV.
Жоба бойынша құжаттама орналасқан жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы:	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері:	«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz , тел.: 8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897.

АҚМОНШАҚ БАУЖАНОВА



Маңғыстау облысының және Маңғыстау ауданының Құрметті азаматы, әлеуметтік салада ұзақ жылдар бойы адал еңбек еткен білікті басшы Ақмоншақ Баужанова ӘБУТӨЛІПҚЫЗЫ дүниеден озды.

Ақмоншақ Әбутөліпқызы саналы ғұмырын ел игілігі жолына арнаған абзал жан болды. Ол халықты әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік әлсіз топтарды қолдау, әлеуметтік саясатты дамыту бағытында қажырлы еңбек етіп, өңірдің әлеуметтік саралық қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Жауапты қызметтерінде жоғары кәсібилігімен, адамгершілігімен, іскерлігімен ел құрметіне белеңді. Ақмоншақ Баужанова 1948 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1965 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы бітірген. Алғашқы еңбек жолын Жыңғылды ауылындағы мектеп-интернатта орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі ретінде бастаған. Сол жылдың аяғында Маңғыстау аудандық комсомол комитетіне мектептермен жұмыс бөліміне шақырылып, 1970–1972 жылдары аудандық комсомол комитетінің хатшысы, одан кейін аудандық партия комитетінің саяси ағарту кабинет меңгерушісі, 1973–1985 жылдары аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1985–1990 жылдары аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қызметін атқарды. 1973–1980 жылдар аралығында үздіксіз халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаттығына сайланды. 1992 жылы Қазақстанның экономика менеджменті және болжау институтын (КИМЭП) сырттай бітіріп, политолог, жоғары оқу орындарының әлеуметтік-саяси пәндерінің оқытушысы мамандығын алды. Ақмоншақ Баужанова 1990 жылдан бастап халық депутаттары облыстық кеңесінде референт, облыстық әкімшілікте бас маман, сектор меңгерушісі, ішкі саясат және әлеуметтік сала бойынша бөлім бастығы қызметін атқарды. 1999 жылы облыстық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы болып тағайындалып, құрылымдық өзгерістерге сәйкес кейіннен облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті директоры болып 2008 жылдың маусым айына дейін жасады. 2008–2012 жылдарда «Қаржанбасмұнай» АҚ қоғамында әкімшілік департаментінің директоры болды. 2016 жылы облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Ақмоншақ Баужанова еліміздің және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін әр жылдары мерейтойлық медальдармен, грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды. Ақмоншақ Баужанова – Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденінің иегері. Ақмоншақ Баужанова – елімізді дамыту және өңірде әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастыру ісінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлға. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Маңғыстау облысының әкімдігі, Маңғыстау облысының мәслихаты, Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесі, Маңғыстау облыстық қоғамдық кеңесі.

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

☎ | 8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

📞 | 8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосұлы

MAŃGYSTAŪ MEDIA